

ҚРҰБ Төрағасының «Әлеуметтік-экономикалық даму және 2021 жылғы қаңтар-қарашадағы республикалық бюджетті орындау қорытындылары туралы» ҚР Үкіметі отырысындағы баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2021 жылғы 9 желтоқсан

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Биылғы жылғы қарашаның соңынан бері коронавирустың **Омикрон жаңа штаммының** таралуынан және әлемде өсіп келе жатқан **геосаяси** шиеленістен туындаған жоғары белгісіздік аясында **әлемдік қаржы және тауар нарықтарындағы құбылмалылық** өсті.

ӘЛЕМДЕГІ ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ ӨСУІН ЖАЛҒАСТЫРУДА

Биылғы жылғы қарашада әлемдегі инфляциялық қысым өсе түсті және **шикізаттың сақталып отырған жоғары бағасы мен жеткізу мерзімдерінің ұзақтығы** нәтижесінде өсуін жалғастыруы мүмкін.

Әлемнің ірі экономикаларындағы инфляция **жаңа ең жоғары деңгейге** жетті. Биылғы жылғы қазанның қорытындысы бойынша **АҚШ-та** инфляция **6,2%-ке** дейін **30 жылдық ең жоғары деңгейге** жетті, **Ресейде** инфляция **5 жылдық ең жоғары деңгей – 8,1%-ке** дейін өсті. **Еуроаймақта** қарашада инфляция еуро енгізілген кезден бастап **ең жоғары деңгей – 4,9%-ке** жетті.

Төрт ай қатарынан ФАО азық-түлік бағалары **индексінің** өсуі жалғасуда, осы жылғы қарашада ол **1,2%-ке** өсіп, **2011**

жылғы **маусымнан** бастап ең жоғары деңгей – **134,4** тармаққа жетті. Кейбір **дәнді дақылдар** мен **сүт** өнімдері бағасының, сондай-ақ қант бағасының **ең жоғары өсуі** тіркелді, ал **ет пен өсімдік майының** бағасы өткен аймен салыстырғанда **аздап төмендеді**.

Үдеп келе жатқан **инфляциялық қысым** салдарынан әлемдегі **18** орталық банк биылғы жылғы қарашада **негізгі ставкаларын өсірді**, жыл басынан бастап олардың саны **38** банк болған. Нәтижесінде **Жаһандық ақша-кредит саясатының** индексі бір ай ішінде **5,28%-тен 5,38%-ке** дейін өсті.

Инфляцияның **өсуін жалғастыруы сандық жеңілдетуді тез арада тоқтатудың** нарықтық күтулерін және 2022 жылы АҚШ-та **ставкалардың өсе бастауын күшейтті**.

Бұл **АҚШ долларының нығаюы** аясында **дамушы елдердің валюталарына** қысым жасай отырып, дамушы нарықтардан капиталдың **әкетілу** тәуекелін тудырады. Биылғы жылғы қарашаның қорытындысы бойынша АҚШ доллары дамыған елдердің валюталарына қарағанда **2%-ке нығайды**, дамушы елдердің валюталары **4,4%-ке** әлсіреді.

ҚАЗАҚСТАНДА 8 АЙДА АЛҒАШ РЕТ ЖЫЛДЫҚ ИНФЛЯЦИЯ БАЯУЛАДЫ

Қазақстанда биылғы жылғы қарашаның қорытындысы бойынша жылдық инфляция **8 айда алғаш рет азық-түлік инфляциясының 11,3%-тен 10,9%-ке** дейін, сондай-ақ ақылы қызметтердің **6,9%-тен 6,4%-ке** дейін баяулауы аясында **8,9%-тен 8,7%-ке** дейін баяулады.

Қарашада айлық инфляция **0,7%** болды және **5 жыл** ішінде **орташа мәннен** төмен қалыптасты.

Азық-түлік инфляциясының баяулауы өткен жылдың **жоғары базасына** және Үкіметтің **әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына** бағаның өсуін **ұстап тұру** бойынша жүргізіп жатқан жұмысына байланысты орын алды. Соған қарамастан, азық-түлік инфляциясы бұрынғысынша бағаның жылдық өсуіне **қосатын үлестің жартысына жуығын 8,7%-тің 4,3** пайыздық тармағын құрайды.

Реттелетін коммуналдық қызметтерге тарифтердің қалыпты өсуі аясында ақылы қызметтер **бірқалыпты** өсу динамикасын көрсетуде.

Сонымен қоса, **проинфляциялық әсер** ішкі өндірушілердің **шығасыларына** ықпал ете отырып, **энергия ресурстарының** айтарлықтай қымбаттауына әсер етеді. Атап айтқанда, **жанар-жағар май** бағасының өсуі жылдық көрсеткіш бойынша **22,3%**, оның ішінде **бензин – 18,4%**, **дизель отыны – 46,6%** болды.

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, тұтыну бағаларының **сезондық-тазартылған аннуализацияланған (жылдық мәнге келтірілген) өсуі** 2021 жылғы қарашада **5,6%** болып, соңғы айларда маусымдағы ең жоғары мәннен **баяулағанын** көрсетті. Алайда, осы динамиканың **орнықтылығына** қатысты **жоғары белгісіздік** сақталуда.

Инфляцияның жылдық **баяулауын** және коронавирустың Омикрон жаңа штаммының пайда болуына байланысты

белгісіздіктің өсуі аясында Ұлттық Банк биылғы жылғы **6 желтоқсанда** базалық ставканы **9,75%** деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.

«Қараша-желтоқсан» болжамды раунды шеңберінде Ұлттық Банк негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің **болжамдарын жаңартты. 2021 жылы жоғары базадан шығуды және сыртқы инфляциялық қысымның біртіндеп қысқаруын ескерсек, 2022 жылы шарықтау шегі бірінші тоқсанда** орташа есеппен тоқсан ішінде **8,8%** болжанатын инфляцияның **баяулауы** күтіледі.

Жаңартылған **базалық** сценарийге сәйкес мұнай бағасы бір баррель үшін **70 АҚШ доллары** болған кезде инфляция **2022 жылдың соңына** таман Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін тиімді іске асыруды ескере отырып, **6,0-6,5%** болады.

МҰНАЙ МЕН МЕТАЛДЫҢ ЖОҒАРЫ БАҒАСЫ ТӨЛЕМ БАЛАНСЫНЫҢ ПРОФИЦИТІНЕ АЛЫП КЕЛЕДІ

Болжамдық раунд шеңберінде Ұлттық Банк төлем балансы көрсеткіштерін бағалауды жаңартты. 2021 жылы ағымдағы шот дефициті өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда **34,7%-ке** қысқарып, **(-)4,2 млрд. АҚШ доллары** деңгейінде күтіледі. Базалық сценарий кезінде салынған мұнай мен металдың жоғары бағасы **2022 жылы 1,5 млрд. АҚШ доллары** көлеміндегі профицитке алып келеді.

2022 жылы **тауарлар экспорты** әлемдік сұраныстың қалпына келуіне байланысты негізгі экспортталатын шикізат

тауарлары бағасының өсуі есебінен **70,4 млрд. АҚШ долларына** дейін **18,6%-ке** өседі.

Төлем балансы әдіснамасы бойынша **тауарлар импорты** халық пен бизнес тарапынан сұраныстың өсуі, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды іске асыру есебінен **40,9 млрд. АҚШ долларына** дейін **6,8%-ке** ұлғаяды.

Жоғары бағаларға және мұнай мен металл өндірісінің көлеміне байланысты шетелдік тікелей инвесторлар кірістерінің **4,0%-ке** өсуіне қарай **кірістер балансының** дефициті **24,5 млрд. АҚШ долларына** дейін **4,6%-ке** өседі.

Осылайша, энергия ресурстарына бағаның өсуіне байланысты ағымдағы шоттың жақсаруы импорт бойынша **кейінге қалдырылған сұраныстың** іске асырылуы жағынан да, шетелдік инвесторларға төленетін **төлемдердің** өсуі жағынан да **қысыммен** тоқтатылады. Бұл, өз кезегінде, **валюта нарығына** қосымша **қысым** жасайды.

СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ АЙТАРЛЫҚТАЙ НАШАРЛАУЫ АЯСЫНДА ТЕҢГЕНІҢ ӘЛСІРЕУІ

Биылғы жылғы қарашада коронавирустың жаңа штаммының табылуы және оның АҚШ пен Еуропада таралуы туралы хабарлардың тарауы аясында әлемдік қаржы және тауар нарықтарында **жоғары құбылмалылық** байқалды, бұл **мұнайдың белгіленген бағасының күрт төмендеуіне** алып келді. Мұнайдың әлемдік бағасы тамыздың соңынан бастап

ең төменгі деңгей – бір баррель үшін **65-66 АҚШ долларына** дейін төмендеді.

Әлемдік валюта нарығында да дамушы елдер валюталарының жаһандық әлсіреуі байқалды: **Ресей рублі** бір айда 4,7%-ке, **Оңтүстік Африка ранды** 4,3%-ке, **Мексика песосы** 4,3%-ке әлсіреді.

Іргелі факторлардың нашарлауы қарашада теңгенің бір АҚШ доллары үшін **434 теңге 20 тиынға** дейін **1,7%-ке** әлсіреуіне себеп болды. Биылғы жылғы **8 желтоқсандағы** жағдай бойынша теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін **434 теңге 46 тиын** болды.

Бюджетке трансферттер бөлу үшін Ұлттық қор қаражатын конвертациялау операциялары және квазимемлекеттік сектор сатулары ұлттық валютаға қолдау көрсетті.

Бұл ретте **салық кезеңі** экспорттаушылардағы теңгелік өтімділіктің жеткіліктілігіне байланысты ұлттық валютаға **айтарлықтай қолдау көрсете алған жоқ.**

Белгісіздіктің туындауы мен сыртқы жағдайлардың күрт нашарлауы аясында жеке және заңды тұлғаларда шетел валютасына **сұраныс** айтарлықтай **өсті.** Ұлттық Банк теңгені тұрақсыздандыратын ауытқуларды болдырмау мақсатында биылғы жылғы қарашаның соңғы күндерінде **239 млн. АҚШ доллары** сомасына 2020 жылғы қазаннан бастап **алғаш рет валюталық интервенция** жүргізді.

6-СЛАЙД. ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІ АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫН ТҮЗЕТУ АЯСЫНДА АЗДАП ТӨМЕНДЕДІ

Ұлттық қордың активтері осы жылғы қарашаның соңында **54,9 млрд.** АҚШ доллары болды.

Қарашада **310 млрд.** теңгеге нысаналы және кепілдік берілген трансферттер бөлуді қамтамасыз ету үшін **617 млн.** АҚШ доллары сатылды. Қарашада Ұлттық қорға **657 млрд.** теңге, оның ішінде шетел валютасында **1 млрд.** АҚШ доллары **түсім** түсті.

Ұлттық қордың **инвестициялық кірісі** осы жылғы қарашада теріс қалыптасып, негізінен **дамыған елдердің акциялар және облигациялар** портфельдерінің тиісінше **(-)2,11%-ке** және **(-)0,64%-ке** төмендеуі есебінен **(-)541 млн.** АҚШ доллары болды.

Коронавирустың жаңа штаммына байланысты нарықтардың **жоғары құбылмалылығына** қарамастан, **инвестициялық кіріс** жыл басынан бастап оң болып, **1,4 млрд.** АҚШ доллары немесе **2,52%** болды.

ҚРҰБ АЛТЫН-ВАЛЮТА РЕЗЕРВТЕРІ ВАЛЮТАЛЫҚ АКТИВТЕРДІҢ ТӨМЕНДЕУІ ЕСЕБІНЕН АЗАЙДЫ

Алтын-валюта резервтері бір айда **309 млн.** АҚШ долларына төмендеп, **осы жылғы қарашаның соңында 35,5 млрд.** АҚШ доллары болды.

Алтын портфелі шамамен **407** тоннаға жетті және **267 млн.** АҚШ долларына **өсті.**

Еркін конвертацияланатын валютадағы активтер валюталық интервенция, мемлекеттік борышты төлеу

және Үкіметтің шоттары бойынша басқа да операциялар есебінен **575 млн. АҚШ долларына төмендеді.**

Жалпы халықаралық резервтер бір айда **435 млн. АҚШ долларына төмендеп, 90,5 млрд. АҚШ долларын** құрады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН СЫРТҚЫ БАСҚАРУҒА БЕРУ ӘРТАРАПТАНДЫРУДЫ ЖӘНЕ КІРІСТІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері жыл басынан бері **3,7%-ке** ұлғайып, биылғы жылғы қарашаның соңында **13,4 трлн. теңге** болды.

Биылғы жылғы 7 қарашада салымшылардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу үшін **орындалған өтініштерінің саны 2,2 трлн. теңге** сомасына **636,6 мың** өтінішті құрады, оның ішінде тұрғын үй мәселелерін шешуге **2,1 трлн. теңге** тиесілі болды.

Биылғы жылғы 11 айдың қорытындысы бойынша инфляция **7,8%** болған кезде **11,0%** мөлшерінде **кірістілік** алынды. Осылайша, осы жылдың басынан бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары үшін **3,2%** мөлшерінде **нақты кірістілік** қамтамасыз етілді.

«ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ» ЖОБАСЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Ұлттық Банк қаржы секторының **цифрлық инфрақұрылымын дамыту** және **қаржылық инновацияларды** енгізу бағдарламасын белсенді түрде іске асыруда. **Ұлттық цифрлық валюта – Цифрлық теңгені** енгізу жөніндегі пилоттық жоба биылғы жылдың негізгі бастамаларының бірі болып табылады. Жоба қаржы

нарығының қатысушыларымен және халықаралық әріптестермен бірлесіп іске асырылуда. Бүгінде әлемде **63 орталық банк** ұлттық цифрлық валюталарды шығару және олардың айналымы мәселесін зерттеумен белсенді түрде айналысуда.

Орталық банктің **бөлшек цифрлық валютасының** аспектілері Ұлттық Банктің 2021 жылғы зерттеулерінің басты бағыты болды. Қазіргі уақытта цифрлық теңге **платформасының прототипін әзірлеу аяқталды**, нарық қатысушыларымен және халықаралық ұйымдармен талқылаулар сериясы өткізілді, **пилоттық жобаның аралық нәтижелері** Қазақстан қаржыгерлерінің IX конгресінде таныстырылды.

2021 жылғы 15 желтоқсанда пилоттық жобаның нәтижелері бойынша **қорытынды баяндама** жарияланады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ұлттық Банк **2022 жылғы 1 шілдеге дейін** пайда мен шығасыларды бағалай отырып, цифрлық теңгені енгізу туралы **шешім қабылдау моделін** әзірлейді. **2022 жылғы желтоқсанда цифрлық теңгені** енгізу қажеттілігі туралы **қорытынды шешім** әзірленеді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Мемлекет басшысының **инфляцияны** биылғы жылдың соңына таман **8,5%-ке** дейін **төмендету** жөніндегі тапсырмасын іске асыру үшін қарашада **бағаның жылдық өсуінің 8,9%-тен 8,7%-ке** дейін **баяулауын** ескерсек,

желтоқсанда айлық инфляция **0,7%** болуы тиіс, бұл ретте орташа көрсеткіш **5 жыл ішінде 0,8%-ті** құрады.

Назарларыңызға рақмет!